а) Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика	Пәннің мазмұнына келесі тақырыптар кіреді: ықтималдықтар теориясының аксиоматикасы; кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары; ықтималдықтар теориясының негізгі шекті теоремалары; Марковтың біртекті тізбектері; кездейсоқ үрдістер теориясының негізгі ұғымдары; Пуассон үрдісі; Винер үрдісі; математикалық талдаудың статистикалық модельдері және негізгі есептері.	5	PO3	Математика 1, Математика 2	Мамандықтың кәсіби қолданбалы бағдарламалары
б) Қолданбалы математикалық статистика	Пән математикалық статистика негіздері, сандық әдістер; Mathcad және Matlab қолданбалы бағдарламаларының пакеттері; ЭЕМ-де берілген тарату заңымен кездейсоқ шамалар мен тізбектерді моделдеу; қалыпты тарату параметрлері үшін сенімді интервалдар мен облыстарды анықтау; дисперсиялық талдау; максималды		PO2, PO3	Математика 1, Математика 2	Мамандықтың кәсіби қолданбалы бағдарламалары

	шындық әдісімен кедергілер аясында сигналдарды анықтау қарастырады.				
а)Электротехниканың теориялық негіздері	Пән электрлік тізбектер элементтерін, айнымалы тоқты, электрлік тізбектердегі қуатты, синусоидалдық әсер етудегі төртұштыларды, сүзгіштерді, үшфазалы электрлік тізбектерді, үлестірілген параметрлі тізбектерді, электромагниттік өріс теориясын, Максвелл теңдеулерін, электромагниттік өріс теңдеулері мен эффектілерін зерттейді; үшфазалы тізбектерді, сызықты және сызықты емес электр тізбектерін, графикалық есептеу дағдыларын, магниттік тізбектерді есептеу әдістерін; векторлық және топографиялық диаграммаларды, сызықты электр тізбектерін түрлендіруді қалыптастырады.	5	PO3, PO5	Физика	Электронды және өлшеу техникасының негіздері
б) Сигналдық процессорлар	Микроконтроллерлердің архитектурасы, құрылымы және командалары, басқару микроконтроллерлерінің бағдарламалық қамтамасыз етілу, микроконтроллерлердің интерфейстік тұжырымдары, басқару және реттеудің типтік алгоритмдері, құру принциптері қарастырылады. Микропроцессорлық контроллерлерді бағдарламалаудың аппараттық тілін пайдалану, микропроцессорлық жүйелер мен желілердің құрылымын оңтайландыру дағдылары қалыптастырылады; аппараттық және бағдарламалық құралдарды жобалауда МПЖ модульдерінің функционалдық сипаттамаларын практикалық қолданылуы қарастырылады.		PO2, PO4, PO7,	Электротехниканың теориялық негіздері, Физика	Электронды және өлшеу техникасының негіздері
а) Инженерлік және компьютерлік графика	Пән электрлік сұлбалар мен кез-келген сызбаларды орындаудың негізгі ережелері мен шарттарын, геометриялық кеңістіктер мен беттер, геометриялық фигураларды көрсету әдістерін, электробайланыс теориясында геометриялық үлгілердің пайдалануын зерттейді. Екі өлшемді және үш өлшемді графикалық жұмыстарды орындау үшін автоматтандырылған жобалау (AutoCAD, OrCAD, WorkBench) жүйелерінің бағдарламалық схемотехникалық, графикалық пакеттерін пайдаланудың практикалық дағдылары қалыптастырылады.	5	PO2, PO8, PO10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Мамандықтың кәсіби қолданбалы бағдарламалары

б) Байланыс құралдарының схемотехникасы	Пәнді оқу кезінде интегралдық схемалардың технологиялық, схемотехникалық және конструктивтік белгілері бойынша жіктелуі; электрондық құралдардың функционалдық мақсаты бойынша, интеграциялау дәрежесі бойынша жіктелуі; цифрлық комбинациялық схемалар; қарапайым цифрлық автоматтар; тізбектей әсер ететін құрылғылар: регистрлер, есептеуіштер, бөлгіштер, бағдарламаланатын бөлгіштер; функционалдық және принципті схемалар; жартылай өткізгіш жады; бағдарламаланатын құрылғыларды құру негіздері; берілген параметрлері бар цифрлық құрылғыларды құру қарастырылады.		PO4, PO7, PO10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Мамандықтың кәсіби қолданбалы бағдарламалары
а) Электрондық құрылғылардың электрлі қоректенуі	Электрмен қоректендіру құрылғылары мен жүйелерінің негізгі түсініктері мен анықтамаларын және оларға қойылатын талаптарды; трансформаторлар, түзеткіштер, тұрақтандырғыштар мен инверторлар, аккумуляторлар, кернеу түрлендіргіштерін; электрмен қоректендіру техникасының даму тенденциялары мен перспективаларын; электрмен жабдықтаудың негізгі және резервтік көздерін зерттеу қарастырылады. Электр энергиясы сапасының параметрлері; электрмен жабдықтау сенімділігі шарттары бойынша телекоммуникация кәсіпорындарының жіктелуі оқытылады.	5	PO3, PO5, PO6	Электротехниканың теориялық негіздері	Энергияның баламалы көздері және электр үнемдеу технологиялары, Электр жабдықтарын монтаждау, баптау және пайдалану
б) Электр жабдықтары жүйелерін жобалау	Пән электрмен жабдықтау жүйелерін есептеу және жобалауды ұйымдастыруға, графикалық және мәтіндік нормативтік құжаттарға қойылатын талаптарды оқытады; электрмен жабдықтау жүйелерінің мүмкін болатын барлық бөліктерін жобалау мн есептеу, электрлік күштік жабдықтарды дұрыс таңдау, қолданбалы бағдарламаларды қолдана отырып, электрлік жабдықтар (құрылғылар) мен электр желілерінің қолда бар сипаттамаларын есептеу дағдыларын қалыптастырады; техника қауіпсіздігінің нормативтік негіздерін, КОМПАС-Электрик жүйесі мен оның функционалдық мүмкіндіктерін қарастырады.		PO2, PO3, PO4, PO6, PO7, PO9, PO10	Электротехниканың теориялық негіздері	Энергияның баламалы көздері және электр үнемдеу технологиялары, Электр жабдықтарын монтаждау, баптау және пайдалану

а) Қазіргі ақпараттық технологиялар	Пәнді оқу келесі тақырыптардан тұрады: ақпараттық қоғам және ақпараттық мәдениет, адамзат тарихындағы ақпараттық революциялар, бағдарламалық өнімдерді қолдану және құру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық база, ақпаратты қорғау құралдары мен әдістері, компьютерлік технологиялардың аспаптық құралдары.	5	PO2	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	IP-телефония
б) Микроэлектроника	Пән интегралды микросхемалардың жұмыс істеу негіздерін, интегралды микросхемалардың активті және пассивті элементтерін, интегралды микросхемалардың жіктелуі мен белгіленуін, функционалды микроэлектроника элементтерін: акустоэлектроника, молекулярлық электроника және биоэлектрониканы оқытады. Биполярлы және МДЖ транзисторлардағы микросхемалардың жұмыс істеу режимін есептеу және параметрлерін өлшеу дағдыларын; әртүрлі сериялы ИМС жылдам әрекет етуін зерттеу дағдыларын, магнитоэлектронды құрылғылардағы үрдістерді талдау дағдыларын қалыптастырады.		PO3, PO4, PO7, PO8, PO11	Электротехниканың теориялық негіздері, Физика,	IP-телефония
а) Цифрлық схемотехника	Пән сандық техника бойынша білімдерді қалыптастырады, сандық сигнал және сандық құрылғы туралы мәлімет береді. Сандық техниканың арифметикалық және логикалық негіздерін үйретеді. Сандық құрылғылардың түйіндерінің ерекшеліктерін қарастырады: шифраторлар, дешифраторлар, түрлендіргіштер кодтары, мультиплексорлар және демультиплексорлар, компараторлар. Ақпараттың аналогты-сандық және сандық-аналогты түрлендіргіштерін зерттейді.	5	PO4, PO7	Электротехниканың теориялық негіздері, Физика,	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Сандық құрылғылар және микропроцессорлар	Пәнді оқу келесі бөлімдерден тұрады: цифрлық құрылғылар мен микропроцессорлардың жіктелуі, микропроцессорлық жүйелерді құру қағидалары, процессордың жұмыс істеуі, жады бар цифрлық құрылғылар, микроконтроллерлердің жіктелуі мен құрылымы, микроконтроллердің сыртқы ортамен және уақытпен байланысын ұйымдастыру, микроконтроллердің қосалқы аппараттық құралдары, аралас схемалар мен цифрлық автоматтардың синтезі,		PO3, PO4, PO7, PO8	Электротехниканың теориялық негіздері, Физика,	Дипломалды іс-тәжірибе

	цифрлық құрылғылардың тораптарын зерттеу, микроконтроллерге арналған бағдарламалар құру және баптау. Микроконтроллер негізінде микропроцессорлық жүйені әзірлеу.				
а) Электроника бойынша зертханалық практикум	Пән тербелмелі контурларды, жартылай өткізгіш диодтар мен стабилитрондарды, биполярлы және өрістік транзисторларды, тиристорларды пайдаланудың практикалық және зерттемелік дағдыларын қалыптастырады. Пән қарапайым түзеткіштер мен тегістегіш сүзгіштерді, электронды триггерлерді, сондай-ақ күшейткіштер мен генераторлардың жұмысын зерттейді.	5	PO7, PO8, PO10	Электротехниканың теориялық негіздері, Байланыс жүйесінің негіздері	Өндірістік іс-тәжірибе
б) Радиотехника бойынша зертханалық практикум	Практикум қосылған құрылғылар мен тізбектердің параметрлерінің өзгеруіне, фильтрлерді қолдануы, қуаттың өзгеруі бойынша айнымалы ток тізбектерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын; радиотехникалық тізбектердегі сигналдар мен бөгеуілдерді табу дағдыларын; сигналдарды ажырату және рұқсат ету, радиотехникалық жүйелер сигналдарының үлестірілген параметрлерін өлшеу және бағалау дағдыларын қалыптастыруға арналған.		PO3, PO7, PO8, PO10	Электротехниканың теориялық негіздері, Байланыс жүйесінің негіздері	Өндірістік іс-тәжірибе
а) Көп арналы телекоммуникациялық жүйелер	Көп арналы тарату жүйелерін дамыту; электрбайланыс сигналдарының негізгі сипаттамалары; көп арналы тарату жүйесінің оңайлатылған құрылымдық сұлбасы; көп арналы ТК жүйелердің аса маңызды пайдалану параметрлері мен сипаттамалары, импульсті модуляция түрлері; ИКМ жүзеге асыру принципі, желілік тракт құрылымы	5	PO10, PO12	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Көпканалды тарату жүйелері	Байланыс арналары, ақпаратты жіберудің көп арналы жүйелері зерттеледі; арналардың жиіліктік бөлінуімен сигналдардың берілу жүйелері, бір және екібағытты берілу жүйелері, арналардың уақыттық бөлінуімен берілу жүйелері, цифрлық деректердің көп арналы берілу жүйелері мен цифрлық берілу иерархиясы қарастырылады.		PO10, PO12	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Дипломалды іс-тәжірибе

а) Өлшеу әдістері мен құралдары	Берілген пәнді оқыту өлшеу құралдарының классификациясын, қателіктер теориясының негіздерін, өлшеу құралдарының дәлдік класстарын, тізбектер мен өлшеу құралдарын тексеру және калибрлеу барысында өлшеу генераторларының жұмысын қамтиды; өлшеу нәтижелерінің математикалық өңдеу дағдыларын қалыптастырады; сигналдардың формаларын зерттеу және амплитудалық-жиіліктік сипаттамаларын өлшеу әдістерін оқыту жүргізіледі.	5	PO3, PO8, PO11	Электронды және өлшеу техникасының негіздері	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Метрология, стандартизация және сертификаттау	Пән стандарттаудың заңнамалық нормалары мен базаларын, техникалық құжаттардың түрлері мен санаттарын оқытады; метрология, стандарттау және сертификаттау бойынша мемлекетаралық, халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану тәртібін қарастырады; өнімнің сапасын басқару жүйесі туралы білімді және техникалық құжаттаманы әзірлеу дағдыларын қалыптастырады.		PO8, PO11	Электронды және өлшеу техникасының негіздері	Дипломалды іс-тәжірибе
а) Радиобайланыс	Пән радиобайланысты ұйымдастыру қағидаларын, радио қабылдағыш және жіберуші құрылғыларды, радио жиіліктердің классификациясын, жылжымалы радиобайланыс жүйелерінде байланысты орнату және байланыс жүйелерін құру қағидаларын, сигналдардың құрылымын оқытады; құрылғыларды қызмет көрсету және радиобайланыспен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастырады.	5	PO5,	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Өндірістік іс-тәжірибе
б) Сандық байланыс технологиясы	Пән цифрлық сигналдарды берудің принциптері мен әдістерін, цифрлық байланыс қазіргі жай-күйін үйретеді, сигналдарды өңдеудің және таратудың цифрлық жүйелерінің мүмкіндіктері туралы түсінік береді. Цифрлық ақпаратты құру мен берудің қазіргі заманғы технологиясын меңгерген байланыс инженерлерін даярлауды дамытады.		PO5, PO10	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Өндірістік іс-тәжірибе
а) Энергияның баламалы көздері және электр үнемдеу технологиялары	Пән келесі тақырыптарды қарастырады: энергияның альтернативті көздері; энергияның альтернативті көздерінің салыстырмалы сипаттамасы; энергетикалық тексеру және энергия аудиті; коммуналдық электрмен жабдықтау жүйелерін энергетикалық тексеру; энергетикалық тексеру жүргізу кезінде ақпарат жинау;	5	PO6, PO11	Электрондық құрылғылардың электрлі қоректенуі, Электротехниканың теориялық негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

	энергияны жинақтау және беру; шоғырландырудың спецификалық мәселелері.				
б) Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану	Пән жаңартылатын және жаңартылмайтын энергия көздері; күн энергиясын пайдалану; күн энергиясын түрлендіру үрдістерінің физикалық негіздері; күн энергиясын өнеркәсіптік және шаруашылық пайдалану; жел энергетикалық қондырғылар; жел энергиясының әлеуеті және оны пайдалану мүмкіндігі; жаңартылатын энергия көздерінен энергия беру; энергия беру типтерінің жіктелуі қарастырады.		PO6, PO11	Электрондық құрылғылардың электрлі қоректенуі, Электротехниканың теориялық негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) Мамандықтың кәсіби қолданбалы бағдарламалары	Пән бағдарламалау жүйелерінің (Maple, Wolfram, MathCad, MatLab) операторлары мен функцияларын, бағдарламалау құралдарын, бір өлшемді және екі өлшемді массивтерді, массивтермен математикалық операцияларды зерттейді; графиктермен, гистограммалармен, логикалық операторлармен және файлдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Символдық математиканың, символдық нысандардың және символдық өрнектердің командалары, дифференциалдау, интегралдау, символдық өрнектердің графикалық бейнесі.	5	PO2, PO3, PO12	Дерекқор жүйелері, Қазіргі ақпараттық технологиялар, Инженерлік және компьютерлік графика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Электронды схемалардың компьютерлік моделдеуі	Пән электронды тізбектерді схемотехникалық жобалауды автоматтандыру негіздерін, схемотехникалық модельдеудің қазіргі бағдарламаларында қолданылатын негізгі алгоритмдерді, сызықты тізбектердің теңдеулерін қалыптастыру және шешу әдістерін, Altium Desinger схемотехникалық моделдеу бағдарламасының жұмыс істеу алгоритмдерін оқытады.		PO2, PO3	Дерекқор жүйелері, Қазіргі ақпараттық технологиялар, Инженерлік және компьютерлік графика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Бейіндік пәндер циклі					
ЖОО компоненті / Таңдау бойынша компоненті					
Электронды және өлшеу техникасының негіздері	Пән өлшеу мен есепке алу жабдықтары мен электронды микросхемаларды дайындаудың негізгі технологиялары мен параметрлерін, электронды жабдықтар мен микросхемалардың классификациясын, негізгі аналогтық құрылғылардың және олардың негізгі элементтерінің жұмыс істеу қағидаларын, цифрлы өлшеу жабдықтарының жұмыс істеу қағидалары мен құрылғыларын, өлшеу құралдарының жағдайы мен үрдістерін оқытады. Электронды	5	PO7, PO8, PO11	Физика, Электротехниканың теориялық негіздері	Өлшеу әдістері мен құралдары

	аналогтық және цифрлық жабдықтарды зерттеу, жабдықтардың параметрлерін анықтауды және олардың калибрлеу дағдыларын қалыптастырады.				
Радиотехника және телекоммуникациялар негіздері	Радиоэлектрониканың базалық негіздері, радиотолқындар теориясы мен олардың сипаттамалары, радиотехникалық жүйелер мен олардың классификациясы, электромагниттік сәуле шығару түрлері, модуляция және детектрлеу түсінігі, модемдер, түсті телекөрсетілім негіздері, телекоммуникациялық жүйелерді ұйымдастыру қағидалары қарастырылады.	5	PO3, PO7	Байланыс жүйесінің негіздері	Электр байланысы желілері және коммутация жүйелері
а) Электр байланысы желілері және коммутация жүйелері	Пән электрбайланыс жүйесінің теориялық негіздерін, байланыс желілерінің құрамы мен жіктелуін; арналардың, хабарламалар мен пакеттерді коммутациялауды; арналар мен пакеттерді коммутациялау жүйелерін құру қағидаларын; электрбайланыстың коммутацияланатын жүйелерін құру қағидаларын оқытады; жүйелерді есептеу бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады.	5	PO5	Электрлік байланыс теориясы, Электротехниканың теориялық негіздері, Байланыс жүйесінің негіздері, Радиотехника және телекоммуникациялар негіздері	Телетаратылым сигналдарын өткізу және қабылдау жүйелері
б) Радиоэлектронды аппаратураны жобалау және құрастыру	Пән функционалдық тағайындалуы және қолданыс шарттары бойынша РЭА жіктелуін, РЭА құрастыруға қойылатын жалпы техникалық талаптарды, РЭА қолдану шарттарын, РЭА негізгі конструктивті деңгейлерін, РЭА конструкциялаудың модульдік қағидаларын қарастырады. Қолданбалы компьютерлік бағдарламаларда РЭА жобалау бойынша базалық біліктілікті қалыптастырады, сүйемелдеуші құжаттамаларды құрастыруға үйретеді.		PO2, PO5, PO10	Электрлік байланыс теориясы, Электротехниканың теориялық негіздері, Байланыс жүйесінің негіздері, Радиотехника және телекоммуникациялар негіздері	Телетаратылым сигналдарын өткізу және қабылдау жүйелері
а) Талшықты оптикалық тарату жүйесі	Пән келесі тақырыптарды қарастырады: басқа бағыттаушы берілу жүйелерінің алдында ТОВЖ артықшылықтары, талшықты-оптикалық байланыстың құрылымдық сұлбасы, оптикалық сәуле шығару көздері мен қабылдаушылары, сәуле шығару көздерінің модуляциясы, ТОВЖ сызықтық трактісі, жарық өткізгіш бойынша берудің негізгі теңдеуі, жарық өткізгіштердегі толқындардың түрлері; ТОВЖ жобалаудың	5	PO5, PO10, PO11, PO12	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Телетаратылым сигналдарын өткізу және қабылдау жүйелері

	негізгі принциптері мен пайдалану-техникалық қызмет көрсетуімен таныстырады.				
б) Оптоэлектроника	Оптоэлектронды аспаптардың жіктелуі. Оптоэлектронды Аспаптардың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері. Оптоэлектронды құрылғылар негізінде жатқан физикалық әсерлер. Сәуле шығарғыштар. Жарық диодтары және лазерлер. Оптоэлектроникадағы сәулеленушілерге қойылатын талаптар. Сәуле шығарудың негізгі сипаттамалары. Сәуле шығарудың даму тенденциялары. Фотоприемники. Фотоқабылдағыштардың жалпы сипаттамасы. Фотоқабылдағыштардың түрлері. ИК-диапазонды фотоқабылдағыштар. Күн батареялары.		PO5, PO10, PO11, PO12	Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Телетаратылым сигналдарын өткізу және қабылдау жүйелері
а) Телекоммуникациялық жүйелердегі ақпараттарды қорғау	Пәннің мақсаты ақпаратты қорғаудың негізгі түсініктері мен абстрактілі модельдері, криптографиялық әдістерді қолдану ерекшеліктері, желіаралық экрандарды қолдана отырып, қашықтағы шабуылдардан желілерді қорғау әдістерін меңгеру арқылы телекоммуникациялық жүйелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Виртуалды корпоративтік желілерді қолдану, ақпараттың таралып кету арналарын анықтау және алдын алу дағдыларын қалыптастырады.	5	PO2, PO10	Қазіргі ақпараттық технологиялар	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Автоматты жобалау жүйелері	Пән АЖЖ жұмысының негізгі принциптерін, АЖЖ құрылымы мен компоненттерін қарастырады. Жобалауда және күнделікті жұмыста кең таралған АЖЖ пайдалану дағдыларын қалыптастырады. БҚ көмегімен жобалау процедураларын орындау әдістері, алгоритмдері мен тәсілдерін зерттейді.		PO2, PO4, PO12	Қазіргі ақпараттық технологиялар	Дипломалды іс-тәжірибе

а) Телетаратылым сигналдарын өткізу және қабылдау жүйелері	Берілген пән телевизиялық көрсетілімнің таратушы желінің құрылымын, кабельдік телекөрсетілім жүйелерін, телевизиялық көрсетілімнің спутниктік жүйелерін, телекөрсетілімнің ұялық жүйелерін, хабар тарату ТВ стандартының, түрлі-түсті теледидардың хабар тарату жүйелерінің негізгі параметрлерін оқытады; қолданбалы бағдарламалар көмегімен хабар тарату желісін жобалық жоспарлау, телевизиялық хабар тарату сапасын бақылау және телевизиялық хабар тарату жүйелерінде теледидар трактінің жұмысын үздіксіз бақылау жүйесінің сигналдарын өлшеу дағдыларын; теледидар трактінің сызықтық емес сипаттамаларын өлшеу дағдысын қалыптастырады.	5	PO2, PO10, PO11, PO12	Байланыс жүйесінің негіздері, Электромагниттік толқындарды тарату теориясы, Электрлік байланыс теориясы, Электр байланысы желілері және коммутация жүйелері, Талшықты оптикалық тарату жүйесі	Өндірістік іс-тәжірибе
б) Спутниктік, мобильді және радиобайланыстың заманауи жүйелері мен құрылғылары	Жерсеріктік байланыс жүйелерін құру принциптерін қарастыра отырып; жерсеріктік байланыс жүйелерінде модуляция және кедергіге төзімді кодтау; кабельдердің негізгі типтері мен сипаттамалары, геостационарлық, эллиптикалық, төменгі шенберлі және орташа нүктелі орбиталардың негізгі сипаттамалары, ұялы байланыс жүйелері мен GSM стандартының станциялары қарастырылады. Жерсеріктік және ұялы байланыс жүйелерінің соңғы құрылғылары және ұялы желіні құруды оқытылады.		PO10, PO12	Байланыс жүйесінің негіздері, Электромагниттік толқындарды тарату теориясы, Электрлік байланыс теориясы, Электр байланысы желілері және коммутация жүйелері, Талшықты оптикалық тарату жүйесі	Өндірістік іс-тәжірибе
а) Ұялы байланыс	Пәнді оқу барысында байланыс құралдарының даму тарихы; дербес радиобайланыс құралдары; пейджингтік жүйелер; ұялы жылжымалы байланыс жүйелері; ұялы байланыстың аналогтық жүйелері; DAMPS стандартының ерекшеліктері; ұялы байланыстың цифрлық жүйелері; GSM және CDMA ұялы байланыс стандарттарының техникалық сипаттамалары қарастырылады; ұялы радиотелефонның құрылымдық схемасы; дербес байланыстың спутниктік жүйелері; ұялы байланыс жүйелерінде радиотолқындардың таралу ерекшеліктері; көп станциялық қатынау техникасы оқытылады. Ұялы телефонның	5	PO7, PO10	Сымсыз байланыс және интернет заттар технологиясы	Дипломалды іс-тәжірибе

	жұмыс істеу қағидасын, оның баптауын зерттеудің практикалық дағдысы қалыптасады.				
б) Жылжымалы телекоммуникациялық радиожүйелер	Радиалды және ұялы желілер, олардың ерекшеліктері мен салыстыруы, желі станцияларының түрлері, аумақтық жоспарлау және кластер қағидалары, қалалық жағдайларда сигналдың таралу ерекшеліктері зерттеледі. Тарату жүйелерінің техникалық пайдалану негіздері, тарату жүйелерінің сапалық сипаттамаларының негізгі өлшемдері оқытылады.		PO10, PO11, PO12	Сымсыз байланыс және интернет заттар технологиясы	Дипломалды іс-тәжірибе
а) Байланыс жолдары	Байланыс желілері және бағыттаушы байланыс жүйелері туралы жалпы мәліметтер. Байланыс жүйелеріндегі бағыттаушы жүйелердің рөлі мен орны. Байланыс желілерінің түрлері және олардың негізгі қасиеттері. Бағыттаушы жүйелердің жіктелуі, конструкциялары және жиілік диапазоны. Электрбайланыс желілерін есептеу, монтаждау және қызмет көрсету. Бағыттаушы жүйелер негізіндегі кабельдер. Электр кабельдер. Оптикалық кабельдер. Бағыттаушы жүйелердің электродинамикасы. Толқыншылар. Байланыс желілерінің параметрлерін практикалық өлшеу, өлшеуді бағалау.	5	PO5, PO10, PO11, PO12	Байланыс жүйесінің негіздері, Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Телекоммуникациялық жүйелерді модельдеу	Пән телекоммуникация жүйелерінің математикалық компьютерлік моделдеуінің жалпы қағидалары мен үрдістерін, телекоммуникация жүйелеріндегі сигналдар мен бөгеуілдердің түрлері мен олардың математикалық сипаттау әдістерін, Эрмит және Лагерр, Чебышев, Лежандр полиномдары, Лаплас түрлендіруі негізінде, Уолш функциялары, Фурье, Котельников қатарларымен сигналдарды моделдеуді; дискретті детерминерленген сигналдардың математикалық сипатталуын; уақыт және жиілік аймағында және кешенді жазықтықта сызықтық буындарды модельдеуін; сигналдардың бұрмалануын үлгілеудің спектралды әдісін; сызықтық бұрмалауды есептеудің әмбебап әдісін қарастырады.		PO2, PO3, PO10, PO12	Байланыс жүйесінің негіздері, Электромагниттік толқындарды тарату теориясы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

а) Электр жабдықтарын монтаждау, баптау және пайдалану	Пән келесі тақырыптарды оқытады: электр монтаждау ұйымдарының құрылымы мен міндеттері, оларды ұйымдастыру, индустрияландыру және механикаландыру негіздері; ашық және жабық электр сымдарын монтаждау; муфталар мен бітеулер туралы жалпы мәліметтер, олардың мақсаты мен жіктелуі. Ашық және жабық электр сымдары мен электр қондырғылардың ақауларын анықтау, жөндеу, монтаждау және баптаудың; электроқондырғылардың негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерін есептеудің; электромонтаждау жұмыстарын орындау сапасын бақылау, кабельдік жолдарды, қондырғыларды сынақтан өткізудің практикалық дағдыларын қалыптастырады.	5	PO5, PO6, PO10, PO11	Электрондық құрылғылардың электрлі қоректенуі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) ЖЭК қолдана отырып электрмен жабдықтаудың шағын жүйелерін жобалау	Пән жаңартылатын энергия көздері негізінде шағын Энергожүйелерді жобалаудың негізгі аспектілерін, оларды елдің қолданыстағы энергожүйесіне енгізу мәселелерін және осы үрдістің ерекшеліктерін қарастырады, жаңартылатын энергия көздерінің құрылымын оңтайландыру және тиімділігін арттыру бойынша негізгі іс-шараларды зерттейді.		PO2, PO6, PO10	Электрондық құрылғылардың электрлі қоректенуі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) IP-телефония	Пән OSI эталондық моделін, IP желілері бойынша дыбыстық деректердің берілу технологиясын, TCP/IP хаттамаларының стектерін, ерекше IP-адресерді, IP-телефонияның жалпы қағидаларын, IP-телефония архитектурасының деңгейлерін, SIP, MGCP және MEGACO хаттамасының негізіндегі желіні, келесі ұрпақтың мультисервистік желілерін зерттейді; адрестеуді, адресстер типтерін: физикалық (MAC-адрес), желілік (IP-адрес) және символдық (DNS-атауы) қарастырады.	5	PO10	Қазіргі ақпараттық технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Видеобайланыс	Пән келесі тақырыптарды оқытады: бейнелер мен дыбыстың сандық берілуінің ерекшеліктері мен қағидаларын, импульстердің арнайы формалары мен модуляция түрлері; сандық байланыстағы түрлендірудің негізгі элементтерін, бейнелердің визуалды сапасын жақсарту, бейнедегі объектілерді тану, бейне мен дыбысты қысу дағдыларын қалыптастырады.		PO7, PO10, PO11, PO12	Қазіргі ақпараттық технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

3 Бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Бітірушінің негізгі құзыреттіліктері жалпы білім, әлеуметтік-этикалық құзіреттілік, ұйымдастырушылық, басқарушылық және кәсіби құзыреттіліктерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады.

6B06201 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалавр **жалпы құзыреттіліктерге (ЖҚ)** ие болуы тиіс:

ЖҚ-1 Тіл саласындағы құзыреттіліктер

- ана тілін жетік білу, өзінің ғылыми және кәсіби қызметі бойынша сауатты түсіндіре білу, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынастың күрделі тақырыптарына конструктивті диалог құру құра білу, ағымдағы құжаттаманы құруы, арнайы терминологияға жүгіну (C2 деңгейі).

- сауатты түсіндіру үшін екінші тілді меңгеру, конструктивті диалог құру, түрлі тақырыптарға толық қатынасу, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, негізгі мәселеге өз көзқарасын жеткізе білу, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, ағымдағы құжаттаманы рәсімдеу (B2 деңгейі).

ЖҚ-2 Компьютерлік құзыреттіліктер

- Заманауи техникамен жұмыс істеу дағдылары: компьютерді және қолданбалы бағдарламаларды іске қосу; құжаттарды сканерлеу және басып шығару; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартуларын орнату; вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу; ақпараттық тасымалдағыштарға жазу.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білу: қажетті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеуді ұйымдастыру, оны қайта құру, сақтау және беру; пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен, бұлтты және мобильді сервистермен жұмыс істеу; электрондық каталогтармен, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс істеу.

- Сенімді пайдаланушы деңгейінде қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу білу: MS Word (мәтіндік құжаттармен жұмыс), MS Excel (кестелермен жұмыс), MS PowerPoint (презентация жасау), Paint (графикалық бейнелермен жұмыс).

ЖҚ-3 Оқу-танымдық құзыреттіліктер

- Оқу-танымдық қызметті мақсатты болжау, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау қабілеті.

- Күнделікті кәсіптік қызметке және үздіксіз білім алуға қажетті жаңа білім алу дағдыларының болуы.

- Ақпаратты іздеу және оның шынайылығын тексеру, фактілерді анықтай білу.

ЖҚ-4 Әлеуметтік құзыреттіліктер

- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу, өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды пайдалану.

- Патриотизм, құрмет көрсету, ашық болу қабілеті.

- Қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу.

- Мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті.

- Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас орната білу, жанжалдарды реттей білу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеті..

ЖҚ-5 Өнегелік-этикалық құзыреттіліктер

- Мәдениеттің негізгі құндылықтарын сақтау, азаматтық пен гуманизмге ие болу..

- Моральдық нормалар мен этикалық ұғымдар негізінде өзінің мінез-құлқын анықтай және бағалай білу.

- Іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру, өнегелік таңдау жасай білу.

- Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеті мен дініне толеранттылық; басқа мәдениеттер мен діндердің өкілдерімен нәтижелі өзара әрекеттесу.
- ұлттық мәдениеттің құндылығын түсіну, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарау.

ЖҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзыреттіліктер

- Экономика негіздерін білу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы түсініктердің болуы.
- Инновациялық қызметке, бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.
- Ресурстарға қажеттілікті бағалау және кәсіби қызметте міндеттерді шешу кезінде оларды пайдалануды жоспарлау, қарапайым экономикалық талдау жүргізе білу және экономикалық қызметтің нәтижелерін бағалау қабілеті.

ЖҚ-7 Ұйымдастыру-атқарушылық құзыреттіліктер

- Ұжымның қызметін және өзіндік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау, бақылау дағдыларын және Time Management дағдыларын меңгеру; мақсат қою және оларға қол жеткізу қабілеті; нәтижеге жауапты болу.
- Ұжыммен жұмыс істеу кезінде кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну қабілеті.
- Бастамашылық көрсету және мәселелерді шешу қабілеті; қатысушылардың қызметін ынталандыру, сондай-ақ басшылықтың тапсырмаларын сапалы және жауапкершілікпен орындау мүмкіндігі.
- Ұжым қызметінің өзгермелі жағдайларына әрекет ете білу және оларды түзету немесе жою бойынша дұрыс шешім қабылдай білу.
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау.

ЖҚ-8 Коммуникативтік құзыреттіліктер

- Сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдылары (Public Speaking) білу, өз көзқарасын қорғай білу, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Командада жұмыс істей білу, ұжымда түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, ұжым қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерінің болуы.
- Жанжалдарды шешу, келіссөздер жүргізу, ымыраға келу қабілеті.
- Өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдау, бірлескен шешім қабылдауға қатысу.

ЖҚ-9 Өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайындық

- Жаңа жағдайларға, өзгерістерге бейімделу қабілеті.
- Өмір бойына жеке білім жолын құру қабілеті.
- Толыққанды қызметтің негізі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- Кәсіби қызметке байланысты әртүрлі жағдайлар мен шарттардағы икемділік пен ұтқырлық.

6B06201 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалавр келесі **кәсіби құзыреттіліктерді (КҚ)** игеруі тиіс:

КҚ-1 Сервистік-пайдалану құзыреттіліктер

- Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар жүйелерін, олардың техникалық, ақпараттық, математикалық және бағдарламалық қамтамасыз етілуін пайдалану.
- Радиотехника, электроника және телекоммуникацияның техникалық құралдарының алдын алу, жөндеу, баптау, жабдықтарды сынау.

КҚ-2 Монтаждау-баптау құзыреттіліктері

- Өнімнің сапа көрсеткіштерін өлшеудің негізгі құралдарын метрологиялық тексеруді жүзеге асыру.

- Радиотехника, электроника және телекоммуникацияның техникалық құралдарын монтаждау және баптау.

КҚ-3 Есептік-жобалық құзыреттіліктері

- Берілген өлшемдер мен шектеулерді ескере отырып, жобалау мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау.

- Мәселелерді шешудің жалпыланған нұсқаларын әзірлеу, осы нұсқаларды талдау, салдарды болжау, көп критериялы жағдайларда ымыралы шешімдерді табу.

- энергетикалық, технологиялық, жобалық, эксплуатациялық, эргономикалық және экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, радиотехника, электроника және телекоммуникация жүйелерінің жобаларын жасау, құру, модельдеу және іске асыру.

КҚ-4 Эксперименталды-зерттеу құзыреттіліктері

- бақылау және талдаудың қажетті әдістері мен құралдарын қолдана отырып, радиотехника, электроника және телекоммуникация жүйелерінің жағдайын диагностикалау және бағалау үшін аналитикалық және эксперименттік жұмыстар мен зерттеулер жүргізу.

- Радиотехника, электроника және телекоммуникация жүйелерінің математикалық және физикалық модельдерін құру.

- Эксперименттік жұмыстар үшін нәтижелерді математикалық өңдеу әдістерін қолдану.

- Экспериментті ғылыми ұйымдастыруға, құралдар мен уақыт логистикасына дайын болу; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жобалау қабілеті.

- Тұжырымдалған есептерді шешудің теориялық және эксперименталды әдістері мен құралдарын орынды таңдау қабілеті.

- Эксперименталды-зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми баяндама, хабарлама, ғылыми мақала, есеп түрінде стилистикалық сауатты рәсімдеу.

- Өндірістік салаға эксперименталды-зерттеу жұмыстарының оң нәтижелерін енгізуді жүргізе білу.

- MatLab, MatCad қолданбалы математикалық пакеттерін, BPWin, ERWin ақпараттық жүйелерін жобалау жүйелерін пайдалана отырып, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар жүйелерінің математикалық және физикалық модельдерін әзірлеу.

КҚ-5 Графיקаны меңгеру құзыреттіліктері

- Инженерлік және компьютерлік графיקаны қолдану, AutoCAD, CorelDraw, Sprint Layout сияқты графикалық пакеттердің көмегімен сызба геометриясының элементтерін қолдану.

- Суреттер мен сызбаларды жасау және өңдеу үшін заманауи бағдарламалық құралдарды қолдану.

- Техникалық-конструкторлық құжаттаманы жасау.

КҚ-6 Ақпараттық технологияларды қолдану үшін құзыреттіліктер

- Өртүрлі зерттеу және әкімшілік міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды қолдана білу.

- Іскерлік ақпаратты өңдеудің әдістері мен бағдарламалық құралдарын меңгеру.

- Ақпараттық технологиялар қызметтерімен өзара әрекет ету қабілеті.

- Заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа ғылыми және кәсіби білімді меңгеру.

КҚ-7 Құжаттық құзыреттіліктер

- Білімді жүйелеу, құрылымдау және оларды әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.
- Ғылыми-зерттеу және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде әдістемелік құжаттарды құрастыру қабілеті.
- Жобаланатын құрылғыларға, аспаптар мен техника жүйелеріне технологиялық құжаттаманы әзірлеу қабілеті.
- Әдістемелік және нормативтік құжаттарды, техникалық құжаттаманы, сондай-ақ әзірленген жобалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу.

КҚ-8 Шығармашылық құзыреттіліктер

- Шығармашылық қызметтің теориялық негіздері саласындағы білімді, кәсіби қызметті қайта құру, ақпараттық жүйелер саласында авторлық жаңашыл идеяларды іске асыру, стандартты емес және баламалы шешімдерді табу, жаңа идеяларды генерациялауға, сыни ойлауға қабілетті болу.
- Абстрактілі ойлау, талдау және синтездеу қабілеті.
- Белсенді өмірлік ұстаным.
- Стандартты ұсынылған схема бойынша әрекет ету қабілеті ғана емес, шығармашылық міндеттерге қызығушылық білдіру.

4 Кәсіби қызметтің мазмұны

6В06201-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалаврлар еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- өндірістік-технологиялық;
- сервистік-эксплуатациялық;
- ұйымдастыру-басқарушылық;
- монтаждық-реттеу;
- есептеу-жобалау;
- эксперименттік-зерттеу.

6В06201 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалаврдың кәсіби қызметінің мазмұны:

радиоэлектрондық құралдарды, коммутация және байланыс құралдарын әзірлеу және пайдалану; байланыс техникасы мен электроника саласында теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу; радиоэлектрониканың техникалық құралдарын, байланыс жүйелері мен желілерін, компьютерлік желілерді жобалау, құру, монтаждау және пайдалану; аналогтық және цифрлық электрондық құрылғылар схемаларын таңдауды талдау, схемотехникалық есептерді орындау және интегралды орындаудағы іске асыруды ескере отырып принциптік схемаларды құру; заманауи талдау және синтездеу әдістерін пайдалана отырып, жаңа әзірленетін тораптар мен құрылғыларды модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу жүргізу; радиотехникалық, телекоммуникациялық және электрондық құрылғылардың сенімділігі мен диагностикасының сызбаларына талдау жүргізу, қажетті датчиктерді таңдау; заманауи элементтік база аппаратурасында және беру жүйелерінің құрылғыларында ақпаратты қабылдау және таратуды әзірлеу және жобалау; ақпараттық технологиялармен байланысты аралас бағыттарда телекоммуникация теориясының әдістерін қолдану; радиотехника, телекоммуникация, теледидар аппаратуралары мен құрылғыларының, радиорелелік транкингік жүйелердің және ұтқыр ұялы байланыстың жұмыс қабілеттілігіне, дұрыс пайдаланылуына талдау жүргізу; талшықты-оптикалық байланыс

желісін пайдаланумен байланысты әртүрлі өңірлерде телекоммуникация желілерін ұйымдастыру.

5 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары

6B06201 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасының түлектері Қазақстанның және шетелдегі ірі телекоммуникациялық компанияларында: телекоммуникация мамандары, ғылыми-зерттеу ұйымдарының инженерлері, көпарналы телекоммуникациялық зерттеулер жөніндегі мамандар, телекоммуникациялық жүйелерде ақпаратты қорғау құралдарын жобалау (сүйемелдеу) жөніндегі мамандар, радио және оптикалық сигналдарды беру жөніндегі мамандар, кіші ғылыми қызметкерлер, инженер-лаборанттар, ғылыми-зерттеу ұйымдарының конструкторлық және жобалау ұйымдарының және т. б. инженерлері, көптілді оқыту болашақ мамандарға шет тілді кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді: инновациялық жобаларға қатысуға, мамандандырылған шетелдік әдебиеттермен жұмыс істеуге, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға.

Байланыс желілері мен коммутация жүйелері, көпарналы телекоммуникациялық жүйелер, электрондық жүйелер мен технологиялар, радиотехника, радиобайланыс, радиохабар және теледидар, жылжымалы байланыс жүйелері мен құралдары, радиобайланыс және радионавигация, қашықтықтан ақпарат алмасу үшін жағдай жасауға, электрондық құралдардың көмегімен ақпаратты түрлендіруге бағытталған адами қызметтің технологиялары, құралдары, тәсілдері мен әдістерінің жиынтығын қамтитын ғылым мен техниканың кәсіби қызмет саласы болып табылады.

6 Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқу нәтижелері

6.1 Білім беру бағдарламасының модульдерін оқу нәтижесімен дескрипторларды ұштастыру матрицасы

Модуль атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқыту нәтижелері
I. Жалпы модульдер			
Қазіргі әлемде коммуникация негіздері	ЖҚ1, ЖҚ3, ЖҚ8	Шетел тілі	А. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілінің грамматикасын, фонетикасын және морфологиясын білу, кәсіби деңгейде сөйлесу үшін арнайы мамандандырылған терминдерді білу; ақпаратты автоматтандыру арқылы өндеудің негізгі қағидаларын білу, мәселені шешу алгоритмін білу, ақпаратты қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен қауіптіліктерін білу. В. Ақпаратты іздеу, өндеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, іс жүргізудің автоматтандырылған жүйелерін пайдалана білу, ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын, электрондық оқытудың түрлі формаларын қолдана білу; деректер базаларымен, негізгі офистік қосымшалармен жұмыс істей білу, тәжірибеде коммуникация құралдарын пайдалану; MS Word, MS Excel, MS PowerPoint, Paint сенімді пайдаланушы деңгейінде жұмыс істей білу, пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен, электрондық каталогтармен, анықтамалықтармен, сөздіктермен және т. б. жұмыс істей білу. С. Ақпаратты үш тілде талдай білу және кәсіби салада және күнделікті өмірде қандай да бір жағдайларды тудыратын факторлар мен жағдайларды анықтай білу; ең жоғары әсерге жетуді ескере отырып, ғылым мен қоғамның даму заңдылықтары негізінде шешім қабылдай білу. Д. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде конструктивтік байланыстар орната білу; ауызша түрде және хат жазысу формасында келіссөздер жүргізе білу; диалогтың түрлі тәсілдерде жүргізе білу; кәсіби маңызды мәселелер шеңбері бойынша қарым-қатынасты жүзеге асыра білу; тіл тасымалдаушыларды орындауда монологиялық және диалогтық сипаттағы сөйлеу мен мәтіндерді тындау және түсіну, мәтін мазмұнын оқу және барынша дәл және барабар түсіну, маңызды ақпаратты таңдау, мәліметтер беру; сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөз сөйлей алу. Е. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білім алу дағдыларын меңгеру, жаңа білім алу және оларды кәсіби қызметте пайдалану; өз тілін жетілдіру және лексиконды кеңейту; өзіндік қызметті ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау дағдыларын, Time Management дағдыларын меңгеру.
	ЖҚ1, ЖҚ3, ЖҚ8	Қазақ (орыс) тілі	
	ЖҚ1, ЖҚ2, ЖҚ3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
